

«Мүмкіндіктері шектеулі балаларды білім беру үдерісіне қосу (inclusion): өткені, бүгіні, болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның

БАҒДАРЛАМАСЫ



«Ақыл-есінің немесе бой-бітімінің жетілуінде кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалту орталығы» ЖШС



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ**
жөніндегі уәкіл



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
**БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ**

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Ақыл-ой және дене дамуы бұзылған балалар мен жасөспірімдерді өлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалту орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ӘБЕО орталығы) Қазақстандағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Аружан Саинмен бірлесіп, Сізді және әріптестеріңізді

Орталықтың 25 жылдығына және оның директоры, профессор, педагогика ғылымдарының докторы Сүлейменова Роза Айтжановнаның 75 жасқа толуына арналған

«Мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру үдерісіне қосу (inclusion): өткені, бүгіні, болашағы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуға шақырады.

Конференция **2021 жылы 16 және 17 қыргүйекте** күндізгі-сырттай аралас форматта өткізіледі. Конференция сырттай (онлайн) форматта Zoom платформасында өткізіледі.

КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚОСЫЛУ СІЛТЕМЕСІ:

<https://us02web.zoom.us/j/84426901705>

Идентификатор: 849 1340 1834, қосылу коды: 232003

Конференция бағдарламасы, сөз сөйлеушілер туралы ақпарат және Р. А. Сүлейменова туралы очерк қоса беріледі.

Конференцияны ұйымдастыру комитеті

«Мүмкіндіктері шектеулі балаларды білім беру үдерісіне қосу (inclusion): өткені, бүгінгі, болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның

БАҒДАРЛАМАСЫ

16 - 17 қыргүйек 2021

1 күн, 16 қыргүйек 2021

9.45-10.30	Қатысушыларды тіркеу
10.30-11.00	КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ АШЫЛУЫ Құттықтау сөздер: Аружан Саин, ҚР Бала құқықтары жөніндегі уәкілі ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілі ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің өкілі ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілі ҚР Президенті Әкімшілігінің өкілі ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты

1 СЕССИЯ

Инклюзивті білім беру. Эволюция және даму перспективалары

Модератор: Сүлейменова Роза Айтжановна

11.00-11.10	«Қазақстан Республикасының білім беру саласында inclusion қағидатын іске асырудың алғышарттары мен талаптары» Сүлейменова Роза Айтжановна, «ӘБЕО орталығының» Бас директоры, п.ғ.д., профессор
11.10-11.30	«Интеграция» және «қосу» (inclusion) ұғымдарын дұрыс түсіну – білім берудің табысты жүйесінің негізі» Тони Брандербург, Білім беру жөніндегі халықаралық кеңесші, Білім беру және білім беру технологиялары жөніндегі халықаралық сарапшы, Австралия

11.30-11.45	<p>«Инклюзия – әлеуметтік феномен және академиялық термин: қолданбалы қолданудың семантикалық-мағыналық аспектілері» Ванхемпинг Элина Геннадьевна, Скандинавия Академиялық мобилділік институтының ректоры, әлеуметтік ғылымдар саласындағы PhD, профессор, Сейнайоки қ., Финляндия</p>
11.45-11.55	<p>«Білім берудегі инклюзия қағидаты: жол, «рифтер», шешімдер» Хитрюк Вера Валерьевна, п.ғ.д., М.Танк атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университетінің Инклюзивті білім беру институтының директоры, Минск қ., Беларусь</p>
11.55-12.05	<p>«Өзбекстандағы заманауи арнайы және инклюзивті білім берудің өзекті мәселелері» Муминова Лола Рахимовна, п.ғ.д., ТМПУ логопедия кафедрасының профессоры, Ташкент қ., Өзбекстан</p>
12.05-12.15	<p>«Педагог кадрларды заманауи жағдайда даярлауды жетілдіру туралы мәселе» Абаева Ғалия Аскербековна, Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің Педагогика және психология институтының директоры, п.ғ.к., доцент</p>
12.15-12.25	<p>«Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру жүйесінде жұмыс істеуге мамандар даярлау» Головниц Людмила Адамовна, п.ғ.д., Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры, Мәскеу қ., Ресей Федерациясы</p>
12.25-12.35	<p>«Қос тарапты оқыту жүйесінде қосымша білім беру тьюторының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру ерекшеліктері» Евтушенко Илья Владимирович, п.ғ.д., Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетінің Балалық шақ институтының Олигофренопедагогика және арнайы психология кафедрасының профессоры, Мәскеу қ., Ресей Федерациясы</p>
12.35-12.45	<p>«Педагогтерде инклюзивтік мәдениетті қалыптастыру» Светлакова Ольга Юрьевна, М.Танк атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университетінің Арнайы педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Минск қ., Беларусь</p>

12.45-13.30	<p>Талқылауға арналған сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Inclusion үдерісін түсінуде қандай қателіктер жіберілді және жіберілуде? • Мүмкіндігі шектеулі балаларды қосуды ұйымдастыруда не тиімсіз? • Мемлекет, білім беру жүйесі ғылыми зерттеулерге бөлінетін қаражатты қандай мәселелерді шешуге бағыттауы керек? • Нормативтік-құқықтық актілер қандай мәселелерді шешуге бағытталуы керек?
13.30-14.30	Түскі ас

2

СЕССИЯ

Ерте араласу – мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру үдерісіне қосу жолы

Модератор: Бидатова Гүлзия Қаирбаевна

14.30-14.40	<p>«Мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсетуді жетілдіру – ведомствоаралық өзара әрекеттестіктің тиімді моделін құру жолы»</p> <p>Бидатова Гүлзия Қаирбаевна, м.ғ.к., МБА, Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған Жол картасын қолдау жөніндегі жобалық кеңсенең басшысы</p>
14.40-14.55	<p>«Ресей Федерациясындағы ерте көмек жүйесінде балалардың даму диагностикасының скринингін ұйымдастыру. Мәселелер мен перспективалар»</p> <p>Разенкова Юлия Анатольевна, п.ғ.д., «Ресей Білім беру академиясының Түзету педагогикасы институты» федералдық мемлекеттік бюджеттік ғылыми мекеменің «Ерте көмек саласындағы кешенді зерттеулер» зертханасының меңгерушісі, Мәскеу қ., Ресей Федерациясы</p>

14.55-15.10	<p>«Қазақстан Республикасында генетикалық бұзылыстардан болатын балалар мүгедектігінің ерте алдын алудың ұйымдастырушылық технологиялары»</p> <p>Святова Гульнара Салаватовна, м.ғ.д., профессор, Ұлттық акушерия, гинекология және перинатология орталығының Республикалық медициналық-генетикалық консультациясының меңгерушісі, медициналық генетика бойынша штаттан тыс бас маман</p>
15.10-15.25	<p>«Сәби өлімі мен ерте жастағы бала мүгедектігінің алдын алудағы скринингтердің рөлі туралы»</p> <p>Садуакасова Корлан Зарлыковна, м.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің клиникалық мамандықтар кафедрасының профессоры</p>
15.25-15.40	<p>«Ресей Федерациясындағы ерте көмек көрсету жүйесі: қалыптасу кезеңдері және даму перспективалары»</p> <p>Разенкова Юлия Анатольевна, п.ғ.д., «Ресей Білім беру академиясының Түзету педагогикасы институты» федералдық мемлекеттік бюджеттік ғылыми мекемесінің «Ерте көмек саласындағы кешенді зерттеулер» зертхана меңгерушісі, Мәскеу қ., Ресей Федерациясы</p>
15.40-15.55	<p>«Мүмкіндігі шектеулі балаларға оңалту орталығында (ОО) және психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде (ППТК) ерте көмек көрсетуді ұйымдастыру мәселелері»</p> <p>Джангельдинова Зауре Болатовна, Арнайы және инклюзивтік білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының «Оңалту және жаңа технологияларды енгізу» бөлімінің меңгерушісі</p>
15.55-16.15	<p>«Жаңа туған нәрестелердің есту қабілетінің скринингісі барлық балаларға пайдалы, бірақ жаһандық бірлік жоқ»</p> <p>Катрин Нойманн, Балалар аудиологиясы департаментінің директоры, Университеттік аурухана, Мюнстер қ., Германия</p>

16.15-16.30	<p>«Даун синдромы бар ерте жастағы балалардың анасымен өзара әрекеттесу кезіндегі қиындықтар» Одинокова Галина Юрьевна, п.ф.к., аға ғылыми қызметкер; Иванова Марина Михайловна, «Ресей Білім беру академиясының Түзету педагогикасы институты» федералдық мемлекеттік бюджеттік ғылыми мекемесінің «Ерте көмек саласындағы кешенді зерттеулер» зертханасының ғылыми қызметкері, Мәскеу қ., Ресей Федерациясы</p>
16.30-17.00	<p>Талқылауға арналған сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ерте араласу жүйесінің маңызды компоненттері қалай дамуы керек? • Ерте жастағы балалардың скрининг жүйесінің даму жолдары мен мәселелері • Скрининг тұрақты мемлекеттік жүйеге айналуы үшін не істеу керек? • Ерте араласу қызметін ұйымдастыру үшін не істеу керек? <p>Күннің қорытындысын шығару</p>

2 күн, 17 қыргүйек 2021

3 СЕССИЯ

Мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттіліктерін мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік, түзету-педагогикалық қолдаудың негізі ретінде бағалау

Модератор: Сүлейменова Роза Айтжановна

10.30-10.45	<p>«Балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін Қазақстандағы инклюзивті білім беруді ұйымдастыру мен дамытудың негізі ретінде бағалау» Ерсарина Алия Қасымхановна, псих.ф.к., Арнайы және инклюзивтік білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының «Диагностикалық-консультациялық» бөлімінің меңгерушісі</p>
-------------	--

10.45-11.05	<p>«Мүмкіндігі шектеулі және неврологиялық ерекшеліктері бар оқушыларды қолдау мен араласуды жоспарлау тәжірибесі: австралиялық мәнмәтіндегі тақырыптық зерттеулер» Мэттью Харрисон, тәжірибелі педагог, әлеуметтік оқыту мен кіріктіруді жақсарту үшін сандық технологияларды зерттеуші және құрушы, Мельбурн Университетінің жоғары білім беру мектебі, Мельбурн қ., Австралия</p>
11.05-11.20	<p>«Ерте араласудың жеке бағдарламасын әзірлеу үшін бағалау шараларын жүргізу» Самарина Лариса Витальевна, псих.ф.к., ДҚҰ ҚҚБ Санкт-Петербург ерте араласу институтының директоры, Санкт-Петербург қ., Ресей Федерациясы</p>
11.20-11.35	<p>«Мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды Қазақстан Республикасының жалпы білім беру үдерісіне қосу және оларды психологиялық-педагогикалық қолдау» Елисеева Ирина Геннадиевна, п.ф.к., Арнайы және инклюзивтік білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының «Арнайы және инклюзивтік білім беру зертханасының» меңгерушісі</p>
11.35-11.50	<p>«Баланың дамуын отбасылық орталықтардың мемлекеттік қызметтері аясында алдын-алу және бағалау. Финляндия тәжірибесі» Алена Маркава, KIUBOK отбасылық ұйым басшысы, Хельсинки қ., Финляндия</p>
11.50-12.05	<p>«Өртүрлілік – бұл факт, ал қосу (inclusion) – таңдау» Кайса Нюрберг, LivingSkills компаниясының директоры, мемлекеттік басқару саласындағы дәрежелі, өкімшілік ғылымдар және қолданбалы психология магистрі, Хельсинки қ., Финляндия</p>

12.05-12.20	<p>«Кохлеарлық импланттары (КИ) бар балалардың фонетикалық хабардарлық дағдыларын бағалау мысалында жалпы білім беретін мектепте психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру»</p> <p>Шепеленко Нина Владимировна, сурдопедагог, әдіскер мұғалім, Украина МФҰА-ның профессор О. Коломейченко атындағы Отоларингология институты ММ-нің, кохлеарлық имплантация тобының функционалдық диагностика бөлімшесінің жоғары санатты маманы, Киев қ., Украина</p>
12.20-12.35	<p>«Білім алушылардың инклюзивті ортада білім алу қажеттіліктерін анықтау мәселесі»</p> <p>Рымханова Айнагүл Рымбековна, Академик Е.А. Букетов атындағы Қарағанды университетінің доценті, PhD</p>
12.35-12.50	<p>«Қазақстан Республикасындағы мүмкіндігі шектеулі балалардың білім сапасын бағалау мәселелері туралы»</p> <p>Байтұрсынова Айгүл Аманжоловна, п.ф.к., Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің Педагогика және психология институтының аға оқытушысы</p>
12.50-13.30	<p>Талқылауға арналған сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мектепке дейінгі балалар ұйымдарының, мектептердің, педагогикалық қоғамдастықтардың қажеттіліктерді бағалау – мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру үдерісіне қосудың негізі екенін түсінулері үшін не істеу керек? • Қажеттіліктер бағаланады, ары қарай не болады? • Мүмкіндіктері шектеулі балалардың алған білімін қалай бағалайды?
13.30-14.30	<p>Түскі ас</p>

4 СЕССИЯ

Мүмкіндігі шектеулі балалардың өмір сапасын қамтамасыз ету және оларды білім беру үдерісіне қосу шарты түріндегі кеңістіктік дамыту ортасы, техникалық, өтемдік және көмекші құралдар

Модератор: Абаева Галия Аскербековна

14.30-14.45	«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың шарты түріндегі кеңістіктік-дамытушы орта» Баряева Людмила Борисовна, п.ғ.д., Мәскеу қалалық педагогикалық университеттің Логопедия кафедрасының профессоры; Приходько Оксана, Арнайы білім беру және психология институтының директоры, Мәскеу қалалық педагогикалық университеттің Логопедия кафедрасының меңгерушісі, Мәскеу қ., Ресей Федерациясы
14.45-15.00	«Қозғалыс – білім беру мен инклюзивтілік негізі» Лори Поттс, физиотерапевт, Калифорния штатының Медицина Университетінде физиотерапия бойынша дәрежені алған, MOVE оңалту технологиясы бойынша сертификатталған халықаралық жаттықтырушы, АҚШ
15.00-15.15	«Позициялық жабдықты пайдаланудың артықшылықтары» Райан Смит, Дженкс экспорттық бағдарламасының директоры, Позициялаушы оңалту техникалық құралдарын терапия, вертикализация, отыру және ұйқы үшін пайдалану бойынша аға жаттықтырушы, Ұлыбритания
15.15-15.30	«Нейро-бұлшықеттік аурулары бар балалардың қажеттіліктерін бағалау және оларды оңалтудың техникалық құралдарымен қамтамасыз етудің барабарлығы» Акежанова Ирина Владимировна, м.ғ.к., АРДИ» оңалту орталығының жоғары санатты ортопед дәрігері

15.30-15.45	<p>«Қимыл-қозғалыс бұзылыстары айқын байқалатын әртүрлі жастағы балалардың мүмкіндіктерін диагностикалау мен бағалау, олардың қимыл дағдыларын дамыту үшін оңалтудың техникалық құралдарын таңдау ерекшеліктері» Кушвахана Наталия Геннадиевна, MOVE-EUROPE бағдарламасының кураторы, жоғары санатты дәрігер, Мәскеу қ., Ресей Федерациясы</p>
15.45-16.00	<p>«Паллиативтік пациенттердегі тәулік бойғы постуральды менеджмент, теориядан практикаға» Татибекова Балжан Нұрлановна, MBA, MD.Member European pediatric neurology society, «Катамнез орталығының» директоры</p>
16.00-16.45	<p>Талқылауға арналған сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қазақстанда кеңістіктік-дамытушы орта, техникалық және өтемдік құралдар мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру үдерісіне қосудың шарты болуы үшін қандай жүйелі өзгерістер болуы тиіс? <p>Күннің қорытындысын шығару. Конференцияның жабылуы</p>
16.45-17.00	ФИЛЬМ



«Мүмкіндіктері шектеулі балаларды білім беру үдерісіне қосу (inclusion): өткені, бүгіні, болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның

БАЯНДАМАШЫЛАРЫ

16 - 17 қыргүйек 2021

1 күн, 16 қыргүйек 2021

1 СЕССИЯ

Инклюзивті білім беру. Эволюция және даму перспективалары



Аружан Саин – ҚР Бала құқықтары жөніндегі уәкілі, «Мейірімділік» еріктілер қоғамы» қайырымдылық қорының директоры



Сүлейменова Роза Айтжановна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы заманауи арнайы білім беру жүйесін ұйымдастырушысы, қазақ және орыс тілдеріндегі 150 ғылыми еңбектер мен оқулықтардың авторы, 2002 жылы қабылданған «Кемтар балаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңның және арнайы білім беру саласындағы бірқатар нормативтік

құжаттардың бастамашысы және әзірлеушісі.

1977 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында ашылған республикадағы алғашқы Дефектология факультетін ұйымдастырушы.

1992 жылы Қазақстанда тұңғыш рет Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалту республикалық ғылыми-практикалық орталығын (ӘБЕО РҒПО) ұйымдастырды, онда арнайы білім берудің бірыңғай жүйесінің моделі құрылды.

Р. А. Сүлейменова «Білім беру үздігі», «Алтынсарин» медальдерімен; «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытудағы сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен; Қазақстан Республикасының мемлекеттік «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.



Тони Брандербург – технологияға баса назар аудара отырып, 35 жылдан астам уақыт бойы білім беру және оқыту саласында тынымсыз жұмыс істеген әлемге танымал педагог. Ол 2010 жылдан Австралияның білім беру компьютерлері кеңесінің (ACCE) мүшесі, кеңес оның осы саладағы жұмысын атап өтті. Бұрын ол халықаралық білім беру технологиялары қоғамы кеңесінің (ISTE) директоры болған. Тони Брандербург бүкіл әлемдегі түрлі білім беру министрліктеріне кеңес беруді жалғастыруда. Оның білім магистрі дәрежесі және технология саласындағы жоғары білім туралы дипломы бар. Кәсіби қызығушылықтары – педагогикалық реформа, сондай-ақ оған стратегиялық және мемлекеттік ықпал ету.



Ванхемпинг Элина Геннадьевна – Скандинавия Академиялық мобилділік институтының ректоры, әлеуметтік ғылымдар саласындағы PhD, профессор, Еуропалық әлеуметтік саясат қауымдастығының мүшесі; бизнес-тренер; білім беру және әлеуметтік қорғау саласындағы халықаралық сарапшы; «Үздіксіз білім беру: 21 ғасыр» журналының редакциялық алқасының мүшесі, әлеуметтік саясат, білім беру, психологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша 200-ге жуық жарияланымдардың авторы.



Абаева Ғалия Аскербековна – Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің Педагогика және психология институтының директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. 2012 жылдың қорытындысы бойынша «Үздік оқытушы» атағының иегері. «Дефектология» және «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандықтарының МЖМБС әзірлеу бойынша жұмыс топтарының жетекшісі. Қазақстандағы 1-сыныптың көрмейтін оқушыларына арналған қазақ және орыс тілдеріндегі «Рельефті-нүктелі сауат ашу», «Рельефно-точечная грамота» оқулықтарының ең бірінші авторы. «Көрмейтін балаларды Брайльдің бедерлі-нүктелі қарпімен сауаттылыққа оқыту», «ЕБҚ бар балаларды жалпы білім беру кеңістігіне қосу талаптары» авторлық курстарын әзірлеуші.



Муминова Лола Рахимовна – педагогика ғылымдарының докторы, Низами атындағы Ташкент педагогикалық университетінің логопедия кафедрасының профессоры; Өзбекстан жастарының еңбек сіңірген тәлімгері; Республикалық балаларды әлеуметтік бейімдеу орталығы директорының ғылым жөніндегі орынбасары; Ташкент қаласының Дефектологтер қауымдастығының төрағасы; Дефектологтердің біліктілігін арттыру бойынша «LOGOS» ЖШҚ оқу курсының директоры.



Хитрюк Вера Валерьевна – М.Танк атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университетінің Инклюзивті білім беру институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы. Беларусь Республикасында инклюзивті және арнайы білім беру жағдайында педагог қызметкерлерді жұмысқа даярлау саласындағы тұжырымдамалық негіздерді өзірлеуші. 160-тан астам ғылыми жарияланымның, оның ішінде 7 монографияның, Scopus, WoS ғылыми дәйексөз базалары тізбесінің журналдарында ғылыми мақалалардың авторы (соның ішінде бірлескен авторлықта).



Головчиц Людмила Адамовна – педагогика ғылымдарының докторы, «Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университеті» ФМББМ-ның Мектепке дейінгі дефектология кафедрасының профессоры; Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Мүгедектер істері жөніндегі комиссияның мүгедек балалар мен денсаулық мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар үшін қолжетімді және сапалы мектепке дейінгі және жалпы білім беруді дамыту мәселелері жөніндегі жұмыс тобының мүшесі.



Светлакова Ольга Юрьевна – М. Танк атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университетінің Арнайы педагогика кафедрасының аға оқытушысы. Кәсіби қызығушылықтары: инклюзивті білім беру, педагогтерді инклюзивті білім беру жағдайындағы жұмысқа даярлау.



Евтушенко Илья Владимирович – педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетінің Олигофренопедагогика және арнайы психология кафедрасының профессоры; Севастополь мемлекеттік университетінің Мектепке дейінгі, бастауыш және арнайы білім беру кафедрасының профессоры; Мәскеу

мемлекеттік психологиялық-педагогикалық университетінің арнайы білім беру (дефектология) кафедрасының профессоры. Жоғары санатты дефектолог мұқлім. Білім беру саласының үздігі, Білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс өтілі 35 жыл.

Дефектологтер одағы президиумының мүшесі; «Современные наукоемкие технологии», «Педагогика. Вопросы теории и практики»; «Коррекционная педагогика: теория и практика», «Педагогический журнал» журналдарының редакциялық кеңес алқасының мүшесі. «Сочи 2014» Олимпиада және Паралимпиада ойындары еріктілерінің жаттықтырушысы.

2 СЕССИЯ

Ерте араласу – мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру үдерісіне қосу жолы



Святова Гульнара Салаватовна – медицина ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық акушерия, гинекология және перинатология орталығының Республикалық медициналық-генетикалық консультациясының меңгерушісі; ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық генетика бойынша штаттан тыс бас маманы. ҚР Республикалық

медициналық генетиктер қауымдастығының президенті. Оның басшылығымен ҚР-да Жүкті және жаңа туған нәрестелерді скринингтеудің мемлекеттік бағдарламасы өзірленіп, енгізілді; ҚР-да ШҚБ Ұлттық генетикалық тіркелімі құрылып, енгізілді; әлемде алғаш рет толық геномдық секвенирлеу жүргізіліп, қазақтар геномының талдамасы жасалды, бұл «Central Asia» жаңа геномдық панелін құруға мүмкіндік берді және «Human Genome» халықаралық жобасының 3-фазасына енгізілді. Қазақстан Республикасындағы медициналық-генетикалық қызметтің және медициналық генетиктер ғылыми мектебінің негізін қалаушы.



Бидатова Гульзия Каирбаевна – медицина ғылымдарының кандидаты, МБА AlmaU, Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған Жол картасын қолдау жөніндегі жобалық кеңсенің басшысы. Ол «Астана медицина университеті» КЕАҚ Оңалту

және спорттық медицина кафедрасының доценті; Денсаулық сақтау министрлігінде Министрдің кеңесшісі; ҚР Премьер Министрі Кеңесінің әлеуметтік-экономикалық бөлімінің бас сарапшысы; ҚР ДСМ ТКҒӨ ғылыми зерттеулер менеджменті бойынша кеңесші; «Астана Медицина орталығы» КЕАҚ-тың «Медициналық орталық» ЖШС директоры қызметтерін атқарды.



Разенкова Юлия Анатольевна – педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Білім беру академиясының «Түзету педагогикасы институты» ФМББМ-ның Ерте көмек саласындағы кешенді зерттеулер зертханасының меңгерушісі. Мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға ерте көмек көрсету саласында іргелі және тәжірибеге

бағытталған зерттеулерді жобалау мен жүзеге асыру бойынша 30 жылдан астам тәжірибесі бар. Мүгедектігі бар баланың отбасына ерте көмек жүйесін құру мен қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық тәсілінің авторы. 180-нен астам ғылыми еңбектері бар.



Садуакасова Корлан Зарлыковна – медицина ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің клиникалық мамандықтар кафедрасының профессоры. Дәрігер, балалар психиатры, психиатр. Клиникалық психиатрия және балалар психиатриясы пәндерінің оқытушысы. Қазақстан ғылымы үшін жаңа бағыт-

тың – психиатриядағы дербестендірілген медицинаның негізін қалаушы. 90-нан астам баспа мақалаларының, «Детская психиатрия» оқулығының авторы, оқу құралдары мен білім беру бағдарламаларын, Балалар психиатры дәрігерінің кәсіби қызмет стандартын әзірлеуші. 5 авторлық куәлігі бар.



Одинокова Галина Юрьевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Ресей Білім беру академиясының Түзету педагогикасы институты» федералдық мемлекеттік бюджеттік ғылыми мекемесінің Ерте көмек саласындағы кешенді зерттеулер зертханасының («РБА ТПИ» ФМББМ) аға ғылыми қызметкері. Ғылыми қызығушылығы –

Даун синдромы бар ерте жастағы балалар мен аналарының өзара әрекеттенуін зерделеу. Балалармен педагогикалық түзету жұмыс өтілі – 30 жыл.



Катрин Нойманн – Мюнстер университеттік клиникасының фониатрия және педаудиология кафедрасының директоры, медицина ғылымдарының докторы, фониатрия және педаудиология профессоры, отоларинголог. Саңыраулықтың және есту қабілетін жоғалтудың алдын-алу жөніндегі ДДҰ сараптамалық-консультативтік кеңесінің мүшесі,

сонымен қатар ДДҰ-ның Еуропалық фониатрлар одағының, Неміс фониатрия және балалар аудиологиясы қоғамының және Неміс фониатрия қоғамының қызметкері болып табылады. Бірнеше ұлттық және халықаралық марапаттардың, оның ішінде 2014 жылы European Phoniatics Hearing EUNA сыйлықтың иегері болды. 240-тан астам шолу мақалаларының, монографиялар, медициналық нұсқаулықтар авторы.



Иванова Марина Михайловна – «Ресей Білім беру академиясының Түзету педагогикасы институты» федералдық мемлекеттік бюджеттік ғылыми мекемесінің «Ерте көмек саласындағы кешенді зерттеулер» зертханасының ғылыми қызметкері.

«Даунсайд Ап» қайырымдылық қорының логопеді. Даун синдромы бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша 10 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

Кәсіби қызығушылығы – мектеп жасына дейінгі Даун синдромы бар балалардың жақын ересектермен ойын әрекетінде қарым-қатынас дағдыларын дамыту.



Джангельдинова Зауре Болатовна – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Арнайы және инклюзивтік білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Оңалту және жаңа технологияларды енгізу бөлімінің меңгерушісі. Мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету бойынша 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Кәсіби қызмет аясы – зейін бұзылыстары бар және гипербелсенді балалар, элективті мутизм, ата-ана мен бала қарым-қатынасының бұзылуы.

2 күн, 17 қыргүйек 2021

3 СЕССИЯ

Мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттіліктерін мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік, түзету-педагогикалық қолдаудың негізі ретінде бағалау



Шепеленко Нина Владимировна – сурдопедагог, әдіскер мұғалім, Украина МФҰА-ның профессор О. Коломейченко атындағы Отоларингология институты ММ-нің, кохлеарлық имплантация тобының функционалдық диагностика бөлімшесінің жоғары санатты маманы; А. Хечинашвили атындағы Грузия отоларингологтер қауымдастығының құрметті докторы.



Алена Маркава – Хельсинкидегі коммерциялық емес ұйымның басшысы. Орыс тілді иммигранттармен 10 жыл жұмыс істейді. Финляндияның Денсаулық сақтау және әлеуметтік әл-ауқат жүйесін бейімдеу және орнату мәселелері бойынша кеңесшісі.

Қызмет саласына қалалық қызметтермен, денсаулық сақтау одақтарымен, даму ерекшеліктері бар балаларды қолдайтын ұйымдармен өзара әрекеттестік кіреді. Кәсіби қызығушылығы – көп мәдениетті отбасылар, баланың әл-ауқаты мен құқығы мәселелері, табысты интеграция, білім беру.



Ерсарина Алия Қасымхановна – психология ғылымдарының кандидаты, Арнайы және инклюзивтік білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының (АИБД ҰҒПО) «Диагностикалық-консультациялық» бөлімінің меңгерушісі.

Денсаулық сақтау жүйесінің психихофизикалық бұзылыстар скринингін және білім беру жүйесінің диагностикалық-консультациялық қызметін (ПМПҚ) ұйымдық-әдістемелік қамтамасыз етуді өзірлеуші. 47 оқу-әдістемелік құралдың, арнайы білім беру қызметкерлерінің психологиялық-педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының авторы.



Мэтью Харрисон – Австралияда, Оңтүстік Кореяда және Ұлыбританияда бастауыш, орта және жоғары мектепте әлеуметтік оқыту мен интеграцияны жақсарту үшін технологияны қолданғысы келетін тәжірибелі педагог, сандық технологияны зерттеуші және жасаушы.

Қазіргі уақытта ол – Мельбурн Университетінің жоғары білім беру мектебінде студенттерді оқыту бөлімінің бірлескен директоры. Оның зерттеулері ең алдымен инклюзивті білім беруге және цифрлық технологияларды оқу мен оқыту құралы ретінде тиімді пайдалануға бағытталған. Планшеттер мен смартфондарға арналған білім беру қосымшаларын жасайтын Hat Designs негізін қалаушы.



Байтұрсынова Айгүл Аманжоловна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Арнайы педагогика» курсы бойынша аға оқытушы. Арнайы білім беру жүйесі үшін мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінде 25 жылдан астам жұмыс істейді. «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасы

бойынша оқитын студенттерге, зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқулықтардың авторы. Арнайы мектептерге арналған оқулықтар, дефектолог-педагогтердің ғылыми-педагогикалық жарияланымдары мен тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарына сараптама өткізу жөніндегі Сараптамалық кеңес мүшесі.



Елисеева Ирина Геннадьевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Арнайы және инклюзивтік білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының «Арнайы және инклюзивті білім беру зертханасының» меңгерушісі.

Зерде дамуы бұзылған оқушыларға арналған оқулықтардың, оқу құралдарының, мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдардың авторы. Типтік оқу бағдарламаларын құрастырушы және арнайы және жалпы білім беретін мектептер педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының лекторы.



Кайса Нюрберг – LivingSkills компаниясының бас директоры және негізін қалаушы. Әкімшілік ғылымдар, қолданбалы психология магистрі; мүгедек адамдарға қызмет көрсету, балаларды қорғау, оңалту саласы бойынша жан-жақты және мол тәжірибелі маман. Қоғамдық денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету саласында

әкімшілік және басқарушылық лауазымы бар. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету қажеттіліктерін бағалау жөніндегі сарапшы.



Самарина Лариса Витальевна – «Санкт-Петербург ерте араласу институты» дербес коммерциялық емес қосымша кәсіптік білім беру ұйымының директоры және психологы. Ресей Федерациясында ерте көмекті дамыту бойынша кәсіби қоғамдастық және ата-аналар ұйымдары қауымдастығы кеңесінің төрағасы; балалар мен

отбасыларға ерте көмек көрсету жүйесінде жұмыс істеу үшін мамандар даярлау бойынша оқытушы.



Рымханова Айнагуль Рымбековна – философия докторы (PhD, академик Е. А. Бекетов атындағы Қарағанды университетінің Арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының доценті; Университет жанындағы инклюзивті білім беру ресурстық орталығының жетекшісі; Қарағанды облысы білім басқармасының инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің мүшесі.

4 СЕССИЯ

Мүмкіндігі шектеулі балалардың өмір сапасын қамтамасыз ету және оларды білім беру үдерісіне қосу шарты түріндегі кеңістіктік дамыту ортасы, техникалық, өтемдік және көмекші құралдар



Баряева Людмила Борисовна – педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу қалалық педагогикалық университеттің Логопедия кафедрасының профессоры.

Педагогикалық еңбек өтілі 46 жыл. Мүмкіндігі шектеулі ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және білім беру мәселелерімен айналысады, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған бірқатар мектепке дейінгі бағдарламалардың авторы, инклюзивті білім беру жағдайында Дамуында проблемалары бар балаларға арналған көп функционалды интерактивті орта саласындағы маман



Акежанова Ирина Владимировна – медицина ғылымдарының кандидаты, АРДИ оңалту орталығының және «Плазмолайф» ғылыми-практикалық мектебінің травматолог-ортопеді. Еңбек өтілі – 28 жыл. MOVE™ program and Active Seating for Great Gains, Қозғалыс синергиясы, Turbocast экспресс-ортездеу бойынша (Турбокаст), Ортопедиялық сүйемелдеу бағдарламасы бойынша (CPUP),

ICF (МКФ), Тірек-қимыл аппаратының УДЗ бағдарламаларын қадамдық енгізуді қамтамасыз ету бойынша сертификатталған маман. Үш патенттің, соның ішінде «hip sonography» және PRP – әдісімен балалардың өсу аймағын қорғау әдісінің авторы.



Лори Поттс – 1995 жылы медицина университетінің медициналық колледжінде физиотерапевт дәрежесін алды. Қазіргі уақытта ол Esopus medical клиникасында балалармен және ересектермен жұмыс істейді. 2005 жылдан бастап rifton-мен жабдықтарды іріктеумен және пайдаланушыларды оқытумен байланысты кеңес беру қызметтерін

ұсынады, сонымен қатар АҚШ-та және шетелде жабдықтар бойынша семинарлар өткізеді. Лори американдық физиотерапия қауымдастығының және балалар физиотерапевтер академиясының мүшесі.



Приходько Оксана Георгиевна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Арнайы білім беру және психология институтының директоры; МГПУ-дағы ГАОУ логопедия кафедрасының меңгерушісі; Ресей Федерациясының Жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері; Медициналық-техникалық ғылымдар Академиясының толық мүшесі; Ресей Федерациясы Мемлекеттік

Думасының Білім және ғылым Комитеті жанындағы арнайы білім беру жөніндегі Сараптамалық кеңестің мүшесі; Арнайы және инклюзивті білім беру жүйесі үшін кадрлар даярлау саласындағы сарапшы.



Татибекова Балжан Нұрлановна – Патологиясы бар балаларға арналған педиатриялық мониторингтік орталықтың – «Катамнез орталығы» ЖШС директоры, педиатр дәрігер, кинезиотерапевт. MBA, MD. Member «European pediatric neurology society». Балалар денсаулығы мәселелерімен жұмыс жасауда үлкен тәжірибесі бар – 18 жылдан

астам уақыт Балалар реаниматологиясының меңгерушісі, елімізде неонаталдық қызметті ұйымдастырудың бастауында тұрды. 2015 жылы біздің еліміздегі ең алғашқы Катамнез кабинетін (follow up me) құрды.



Райан Смит – Дженкс экспорттық бағдарламасының директоры, терапия, вертикализация, отыру және ұйқы үшін позициялау ОТҚ пайдалану бойынша аға жаттықтырушы. Ауыр мүгедек балаларды позициялау және постуральды қолдау бойынша 10 жылдан астам тәжірибесі бар.



Кушвахана Наталия Геннадьевна – «РехабМедикал» ЖШҚ бас директоры. Балалық шақ және босандыру қызметінің басшысы ретінде жұмыс тәжірибесі бар жоғары санатты дәрігер. 2011 жылдан бастап Ресейдегі MOVE бағдарламасының кураторы; МУВ бағдарламасы бойынша отбасылармен жеке жұмыс бойынша кеңесші. «Добросердие» қорының «Адрес добросердия» және

«Тысяч сердец» жобаларындағы сарапшысы; Ресейдегі move Еуропа кураторы; Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарды әлеуметтік-тұрмыстық оңалту жөніндегі маман.

**Педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Роза Айтжановна Сүлейменованың шығармашылық,
ғылыми және қоғамдық қызметінің**

ОЧЕРКИ



Сүлейменова Роза Айтжановна – Қазақстан Республикасындағы арнайы білім беру саласын ұйымдастырушы және жетекші ғалым. Ол 1946 жылы 19 тамызда Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында туылған.

1965 жылы мектеп бітіргеннен кейін В.И.Ленин атындағы Мәскеу мемлекеттік педагогикалық институтының дефектология факультетіне оқуға түсіп, 1969 жылы бітіріп шықты.

Мәскеу қаласындағы КСРО Педагогика ғылым академиясының Дефектология ғылыми-зерттеу институтында аспирантураны аяқтап, кандидаттық диссертацияны қорғағаннан кейін, 1974 жылы Р. А. Сүлейменова Қазақ денешынықтыру институтының (ҚазДШИ) педагогика және психология кафедрасында оқытушы болып жұмыс істеді.

Ол 1977 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына кейіннен дефектологиялық факультетіне айналған, дефектология кафедрасын ашу және ұйымдастыру үшін шақырылды.

Р.А.Сүлейменова Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында жұмыс істеген жылдары осы институтта арнайы педагогика (олигофренопедагогика), зерде бұзылыстары бар балаларды оқытудың арнайы әдістемелері бойынша лекциялық курстар әзірлеп, оқыды. Ол мүмкіндіктері шектеулі балаларды түзете-дамыта оқытудың маңызды мәселелері бойынша осы білімнің негізін қалаушылар Л. С. Выготский және басқа да ғалымдардың еңбектерін зерделеу бойынша арнайы курстар әзірледі.

Р. А. Сүлейменова негізгі пәндер бойынша көптеген типтік бағдарламалардың авторы, КСРО Білім беру министрлігінің дефектологиялық білім беру бойынша Оқу-әдістемелік кеңестің мүшесі болды.

Қазақстандағы дефектологиялық жоғары білімді ұйымдастырушының бірі болған Роза Айтжановнаның практикалық және ғылыми

тәжірибесінің үлкен болуы оған арнайы педагогиканың заманауи жағдайын, жағымды және жағымсыз жақтарын анықтауға және оның болашақтағы даму жолдарын негіздеуге мүмкіндік берді.

Қазақстанда арнайы мектепке дейінгі және мектептік мекемелердің жіктелген торабы бұрыннан болған және бар. Ол жалпы білім берудің мемлекеттік стандарты аясында дамыған. Бұл жүйе естімейтін; нашар еститін; көрмейтін; нашар көретін; тірек-қозғалыс аппараты; сөйлеу тілі; зерде бұзылыстары бар және психикалық дамуы тежелген балаларға арналған мекемелердің 8 түрінен тұратын. Эмоциялық бұзылыстары бар, даму бұзылыстары күрделі, зерде дамуында ауыр бұзылыстары бар балалар шеттетіліп, «оқытуға жарамсыз» деп таңбаланғаны бұл жүйенің жағымсыз жағы еді.

Әрбір қалада, ауылда арнайы мекемелердің барлық түрін ашу мүмкін болмауына байланысты, Қазақстандағы арнайы білім беру жүйесі оған мұқтаж адамдардың 20%-ын ғана қамтыған. Сондықтан арнайы білім беру жүйесінде дамуында қандай да болмасын бұзылыстары бар, дамуы кешеуілдеген және даму мәселелері бар балаларды түзетедамыта оқытатын ұйымның жаңа түрін құру қажет болды.

Р. А. Сүлейменова арнайы мектептер мен мектепке дейінгі мекемелер контингентін және жағдайын талдай келіп, Қазақстанда арнайы білім беру жүйесінің біртұтас еместігін, онда мектепке дейінгі жастағы, әсіресе ерте жастағы балалармен жұмыс жүргізілмейтіндігін анықтады.

Бұндай жағдайға диагностикалық-консультациялық қызметтің, яғни дамуында кешеуілдеу қаупі және бұзылыстары бар ерте жастағы балаларды анықтау және оларға түзетедамыта білім беру жүйесінің болмауы себеп болды.

КСРО территориясындағы барлық түрдегі мектептер мен мектепке дейінгі мекемелер бірегей бағдарламамен оқытылды. 1990 жылға дейін Қазақстанда арнайы мектепке дейінгі мекемелерде және мектептерде сабақ тек орыс тілінде ғана жүрді. Осы көрсетілген жағдайлар мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған білім беру жүйесін өзгертуді талап етті.

Бұндай түрлендірулерге қоғамдағы саяси жүйенің түбегейлі өзгеруі, қайта құру кезіндегі адам құқығы, бала құқығы, мүгедек адам құқығы деген түсініктердің пайда болуы мүмкіндік берді. Тек осы жағдайда ғана арнайы білім берудің жаңа концепциясы туралы мәселені ашық көтеру мүмкін болды.

Қазақстанда бұрын-соңды арнайы білім беру мәселелерімен шұғылданатын ғылыми-зерттеу институт, тіпті зертхана да болмаған. Барлық осы жағдайларға байланысты Р. А. Сүлейменова республикада арнайы білім беру жүйесін әдістемемен, заң және ақпаратпен

қамтамасыз ету мәселелерімен шұғылданатын Орталық құру қажеттілігі туралы шешім қабылдады.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті 1992 жылдың 31 наурызында Р. А. Сүлейменованың бастамасы және Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалту республикалық ғылыми-тәжірибе орталығын құру туралы» (РҒТО ӘБЕО) № 305 қаулы қабылдады. Осы қаулыға сәйкес 1992 жылы 30 сәуірде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалту республикалық ғылыми-практикалық орталығын құру туралы» №200 бұйрығы шықты. 2004 жылы бұл орталық «ұлттық» мәртебе алып, «Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы», ал 2020 жылы Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы болып аталды.

Бірақ осы қаулы мен ӘБЕО орталығын ашу туралы бұйрықты іс-жүзіне асыру кезінде қызметкерлердің де, шенеуніктердің де осы орталықтың мақсаты мен міндетін түсінбегендіктеріне байланысты көптеген қиындықтар кездесті.

Ең басты қиындық оны қаржыландырудың ешқандай нормативтік-құқықтық негізінің болмауына байланысты туындады. Орталық сол кездегі ұйымдар мен мекемелердің біріне де жатпады. Сонымен қатар оның не ғимараты, не қызметкерлері, ешқандай құрал-жабдықтары да болмады. ӘБЕО орталығы жұмысын Р. А. Сүлейменованың пәтерінде бастады, осыдан кейін ол жеті ай бойы осы қаулыны іс жүзіне асыру үшін ғимарат берілуін сұрап Мемлекеттік меншік бойынша мемлекеттік комитеттің «есігін тоздырды».

Орталықты ұйымдастыру кезінде туындаған үлкен мәселелер оны дамыту, оның міндеттерін, құрылымын, ұйымдық-құқықтық түрін анықтау концепциясын әзірлеу жұмыстарымен байланысты болды. Бұлардың бәрі оның өз қызмет тәжірибесі негізінде, дамуында проблемалары бар балаларға көрсетілетін көмектің шетелдік даму тенденциясы мен тәжірибесін теориялық талдау барысында өзгеріп, қайтадан құрылды. Сонымен қатар өзіне пікірлес адамдарды табу және кадрларды дайындауға байланысты әртүрлі қиындықтар туындады.

Орталық алдында тұрған міндеттерді шешу үшін оның қызметі екі бағытта – тәжірибелік және ғылыми-зерттеулік бойынша жүрді.

Бірінші бағыт Р. А. Сүлейменова үлгілеген ерте жаста педагогикалық түзету көмегін көрсету жүйесінің құрамдық бөліктері болып табылатын құрылымдар, қызметтер құру қажет болды.

Екінші бағыт бұл жүйені ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық және технологиялық қамтамасыз ету негізін әзірлеу болып табылды. Р. А. Сүлейменованың Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университетінде қорғаған «Организационно-технологические основы ранней коррекционно-педагогической помощи детям с ограниченными возможностями» тақырыбында докторлық диссертациясы осы үлкен ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі болды. Р. А. Сүлейменова докторлық диссертацияны екі мамандық: түзету педагогикасы және жалпы педагогика бойынша қорғады.

Р. А. Сүлейменованың басшылығымен ерте түзету-педагогикалық көмек жүйесінің үлгісі құрылды, Қазақстанда Бастапқы медициналық-санитарлық қызмет (БМСҚ) ұйымдарында жүргізілетін психологиялық дамуында қауіп бар және даму бұзылыстары бар балаларды скринигілеуді қамтитын диагностикалық-консультациялық қызмет жүйесі, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияда (ПМПК) тереңдетілген психологиялық-педагогикалық тексеру қызметі әзірленді және ендірілді.

Осыдан басқа болашақта арнайы білім беру саласының жаңа ұйымдары ретінде жеке қызмет көрсететін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК), оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері (ППТК) сияқты арнайы білім берудің жаңа ұйымдарының үлгілері әзірленіп, ендіріле бастады.

Барлық осы жаңа ұйымдар Р. А. Сүлейменованың бастамасымен және басшылығымен әзірленіп, 2002 жылы қабылданған «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңына енді.

Ұйымдардың жаңа түрлерінің құрылуына бағытталған ғылыми-практикалық жұмыс нәтижесі бойынша Р. А. Сүлейменованың басшылығымен бір докторлық және жеті кандидаттық диссертация қорғалды.

Арнайы білім берудің жаңа үлгідегі ұйымдары өртүрлі даму бұзылыстары бар 0-ден 18 жас аралығындағы балалармен тиімді жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

Р. А. Сүлейменованың бастамасымен Қазақстанда алғаш рет мүмкіндіктері шектелген балаларды оқыту үшін ақпараттық технология ендіріле бастады. Қазіргі кезде АИБД ҰҒПО-да арнайы білім беруді ақпараттық және әдістемелік қамсыздандыру мәселесімен шұғылданатын бөлім жұмыс істейді.

Р. А. Сүлейменова 1994 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бағдарламаларының аясында құрылған іргелі және ізденіс-қолданбалы зерттеу жұмыстарына басшылық ете отырып, маңызды да күрделі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Ғылыми бағдарламалар аясында ерте диагностикалау, скринингілеу әдіснамасы мен ұйымдық мәселелер шешілді. Зерттеу нәтижелері «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау» Заңының ғылыми-әдістемелік негізі болды және оған жеке баптар түрінде ендірілді. Ғылыми бағдарлама аясында дамуында ауытқуы бар балаларды есепке алу әдісі әзірленіп, осындай балалар туралы, олардың қажеттіліктері мен көрсетілетін көмектің көлемі туралы автоматтандырылған мәліметтер қоры құрылды. Сонымен қатар, сәбилер, мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың дамуындағы ауытқуларды диагностикалауды әдістемемен қамтамасыз ету мәселелері шешілді. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (ПМПК) үшін тіркеу-есептеу жұмысының жаңа түрлері ұсынылды.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша даму бұзыдыстары бар балаларды білім беру үдерісіне қосу жолы түріндегі ерте жастан араласу жүйесін ұйымдастырудың негізгі қағидаттары ұсынылды. Қазақстан Республикасының өзіндік ерекшеліктерін есепке ала отырып, балалар дамуының бұзылуына ерте араласу қызметін ұйымдастыруға арналған базистік әдістемелер құрылды. Р. А. Сүлейменованың басшылығымен пәнаралық психологиялық-педагогикалық тексерудің (командалық бағалау) және осы үдеріске ата-аналарды қосудың ұйымдық және технологиялық негіздері әзірленді. Kent Infant Development Scale (KID Scale) және Child Development Inventory (CDI) ата-аналарға арналған даму шкаласы сауалнамасының ұлттық нұсқасы құрылды.

Сонымен қатар жаңа ақпараттық технологияларды, соның ішінде: түзету-педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мен басқаруға; ата-аналарды тестілеу материалдарын (сауалнама) өңдеуге; мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар үшін түзету-педагогикалық үдерісте дамыту құралдарын пайдалануға арналған жұмыстар бағдарламалық-әдістемелік тұрғыда қамтамасыздандырылды.

Ұйымдардың жаңа үлгісін, жаңа білім беру мен әлеуметтік қызмет көрсетудің жаңа үлгілерін мемлекеттік мекеме аясында әзірлеу мүмкін болмады, оған қосымша қаржы қажет болды. ЭБЕО РҒТО-ны (қазіргі кезде – Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы) құру авторы және директоры ретінде Роза Айтжановнаға оны дамыту мәселесін ғана емес, сонымен бірге әдеттегі әкімшілік және тұрмыстық мәселелерді шешу туралы да ойлау керек болды. Жұмысты белгі бір деңгейде жүргізу үшін үнемі қосымша ресурстарды және қаржыландырудың жаңа көздерін іздестіру қажет болды.

90-жылдардың басында посткеңестік кеңістіктің барлығында сияқты Қазақстанда да азаматтық сектор белсенді дами бастады, мемлекеттік емес ұйымдар (МЕҰ) пайда болды. ӘБЕО РҒТО мүмкіндіктері шектеулі балаларға көмек көрсету мақсатында грант алу үшін әртүрлі конкурстарға белсенді қатыса бастады.

1994 жылы Қазақстан Республикасында меншіктің екі түрін (мемлекеттік және жеке меншіктік) анықтаған Азаматтық кодекс қабылданды. ӘБЕО РҒТО мемлекеттік меншік түрінде қайтадан құрылды.

1996 жылы «Ақыл-ойы және дене дамуы бұзылған балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалту орталығы» (ӘБЕО орталығы) қоғамдық бірлестікті ұйымдастыру туралы шешім қабылданды, ол 1996 жылы 29 тамызда тіркеліп, 2009 жылы (ӘБЕО орталығы) ЖШС болып қайтадан құрылды.

«ӘБЕО орталығы» ҚБ 1996-2001 жылдары Сорос қоры – Қазақстан жүргізген UNICEF, COUNTERPART-CONSORTIUM жобасының арқасында балалардың бұзылған дамуына ерте жастан араласу үлгісін өзірледі.

1998 жылы Р. А. Сүлейменованың бастамасы және басшылығымен Lien-TACIS бағдарламасының аясында оңалтудың техникалық көмекші құралдарын жасайтын және жөндейтін шеберхана ұйымдастырылды. Осындай шеберхананың құрылуы Орталыққа арнайы білім берудің жаңа бағытын – occupational therapy өзірлеу жұмысымен шұғылдануға мүмкіндік тудырды. Арнайы білім берудің бұл бағыты тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл бұрынғы КСРО-ның барлық елдері үшін де жаңа бағыт болып табылады. Алайда Қазақстанда бұл бағыт ары қарай дамымады. Бағыттың пән және оның мазмұны білім беру ұйымдарының қызметі болып табылғанымен, олар бұған ешқандай қызығушылық танытпады.

1999 жылы Р. А. Сүлейменованың басшылығымен ЮНЕСКО бағдарламасының аясында «Арнайы қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне қосу» (inclusive education) жобасы бойынша жұмыс басталды. Бұл жобаның басты түйіні – мүмкіндіктері шектеулі балаларды білім алуда тең құқықпен қамтамасыз ету. Осы жобаның арқасында Қазақстанда алғаш рет «инклюзивті білім беру» ұғымы мен термині пайда болды. Инклюзивті білім беру – бұл мемлекеттің көру, есту, тірек-қозғалыс аппараты және т.б. бұзылыстары бар балалардың дені сау құрдастарымен бірге, яғни жалпы білім беру ұйымдарында білім алуына жағдай туғызу саясатын жүргізуге міндетті екенін білдіреді.

Р. А. Сүлейменованың арқасында арнайы мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқулықтар мен оқу-өдістемелік әдебиет-

тер жүйелі түрде шығарыла бастады. ӘБЕО орталығы 2001-2006 жылдар аралығында мемлекеттік бағдарлама бойынша шамамен 100-ден аса оқулықтар мен әдістемелік құралдар әзірледі.

Р.А. Сүлейменова бірнеше жыл бойы ҚР Білім және ғылым министрлігінің (ҚР БҒМ) және Парламент Мәжілісі депутаттарының алдында көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мектептерді оқулықтармен қамтамасыз ету мәселесін көтерді. ҚР БҒМ бұл бастаманы қолдады, 2017 жылдан бастап «ӘБЕО орталығы» ЖШС көрмейтін және нашар көретін оқушылар үшін жалпы білім беретін мектептердің оқулықтарын бейімдеумен, оларды Брайль қарпінде және ірілендірілген қаріпте басып шығарумен айналысады. 2017 жылға дейін көру қабілеті бұзылған балалар Кеңес дәуірінде жарық көрген оқулықтармен оқып келген. Осы уақыт ішінде 57 оқулық бейімделіп, Брайль бедерді-нүктелі қарпінде, 56 оқулық және ОӘК ірілендірілген қаріпте басылып шықты.

2017 жылдан бастап ӘБЕО орталығы ҚР Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында зерде, есту, көру қабілеті бұзылған балаларға арналған оқулықтарды әзірлейді және басып шығарады. 2017-2021 жылдар аралығында зерде бұзылыстары бар оқушыларға арналған 116 оқулық пен оқу-әдістемелік кешендер әзірленіп, басылып шығарылды. Барлық оқу басылымдары мемлекеттік сараптамадан өтті және ҚР Білім және ғылым министрлігі арнайы мектептерде пайдалану үшін ұсынды.

Р. А. Сүлейменованың басшылығымен әлеуметтік жұмыс мәселелері, атап айтқанда мүмкіндігі шектеулі балалар мен олардың отбасылары үшін әлеуметтік қызметтерді дамыту мәселелері қарастырыла бастады. Бұл мәселе Қазақстан үшін мүлдем жаңа болды және осы мәселені шешу үшін «Қазақстан Республикасында мүмкіндіктері шектеулі балалар мен олардың отбасыларына инновациялық әлеуметтік қызметтерді дамыту» жобасы аясында халықаралық сарапшылар тартылды. Бұл жобаны VSO (Дүниежүзілік еріктілер ұйымы) және TACIS-IBPP (2005-2007 жылдар) бағдарламасы аясындағы Еуропалық комиссия қолдады.

Орталық қызметінің басты мақсаты мүмкіндігі шектеулі балаларға оларды оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, педагогтерге, ата-аналарға арналған әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және арнайы техникалық құралдармен қамтамасыз ету арқылы сапалы білім алуына көмектесу болып табылады.

Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін көрмейтін адамдарға қазақ тіліндегі ақпараттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін қазақ тілінің алғашқы синтезі әзірленді.

Роза Айтжановна арнайы білім беру және сурдологиялық көмек көрсетудің нормативтік құжаттарының бастамашысы және авторы, ӘБЕО орталығында сурдологиялық кабинетінің ең алғашқы толыққанды үлгісін құрды.

Қазіргі уақытта бала құқықтары жөніндегі уәкіл Аружан Саинмен ынтымақтастықта қызмет етудің арқасында мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу мәселелерін шешу мүмкін болды.

Р. А. Сүлейменова ҚР Премьер Министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы Өкімімен бекітілген мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсету жөніндегі Жол картасын (ЖК) әзірлеушілердің бірі болды. Жол картасы іс-шараларын жүзеге асыру аясында бірқатар нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады. Роза Айтжановна 2021 жылғы 26 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшесі болды.

Сүлейменова Р. А. – 150-ден астам ғылыми еңбектің (монографиялар, оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК), әдістемелік құралдар және т. б.) авторы.

Осы очерктен көрініп тұрғандай, Роза Айтжановна Қазақстандағы бірінші Дефектологиялық факультетті, бірінші Ғылыми-практикалық орталықты, бірінші Сурдологиялық көмек жүйесін ұйымдастырушы, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтардың авторы ретінде барлық жағынан бірінші болды.

Роза Айтжановна Халықаралық жобалар арқылы Қазақстанға бірінші болып әлеуметтік жұмыс, инклюзивті білім беру ұғымдарын әкелді.

Роза Айтжановна күйеуі – заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Майдан Күнтуарович Сүлейменовпен бірге екі қызы – Әлия мен Анарды, ұлы – Айтуарды тәрбиелеп өсірді. Барлық балалары, оның ішінде келіні – Әсел, екі күйеу баласы – Кеннет пен Ержан да – заңгерлер. Отбасында 8 немере өсіп келеді.



Өнімді сатып алу мәселелері бойынша Байзақов көшесі, 273 В
мекенжайы бойынша сату бөліміне хабарласыңыз.

Тел.: (727) 9958330, 395 83 20, e-mail: info@satr.kz

Тауарлар мен қызметтердің толық каталогымен www.satr.kz
сайтында танысуға болады.